

# Азаматтық қорғаныс



*Халықаралық Азаматтық Қорғаныс символы.*

**Азаматтық Қорғаныс** (АҚ) — мемлекеттік қорғаныс шаралары жүйесінің құрамдас бөлігі. Міндеттері: жергілікті халық пен халық шаруашылығын жау шабуылынан, жаппай қыру қаруынан, табиғат апаттарынан т.б. төтенше жағдайлардан қорғау және қорғану шараларын үйрету; су тасқыны, сел, жер сілкінісі, өрт болған аймақтарда құтқару жұмыстарын жүргізу; халыққа жау шабуылының немесе табиғат апатының қаупі туралы алдын-ала хабарлау т.б.

**Азаматтық қорғаныс** бейбіт кезеңде және соғыс уақытында мынадай шараларды жүзеге асырады: жаппай қыру қаруынан сақтану үшін арнайы қорғаныс жайлары салынып, жеке бас қорғаныс жабдықтары дайындалады, ірі қалалар тұрғындары қауіпсіз жерге көшіріліп, оларға қорғану тәсілдері үйретіледі, ықтимал қауіп туралы халыққа егжей-тегжейлі түсіндіріледі, соғыс кезінде өндіріс орындары мен мекемелерде **жұмыс** тоқтамау үшін әртүрлі ұйымдастыру және инженер-техникалық шаралар жүргізіледі, нақты өндіріс орындары қорғалады, математика-**техника** құралдар, электр **энергиясын** шығару көздері, **газбен, сүмен** қамтамасыз ету қорлары жасалады; қираған шаруашылықтарды қалпына келтіруге қажетті қосалқы жабдықтар жинастырылады, арнайы азаматтық қорғаныс топтары құрылады т.б. **Қазақстан Республикасында** азаматтық қорғаныс барлық жерде аймақтық-өндірістік принциппен ұйымдастырылған. Оны **Қазақстан** Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы тікелей басқарады. Комитеттің облыстық, **қалалық** және аудандық бөлімдері бар. Жергілікті жерлерде **мекеме**, ұйым, оқу орындары, **өнеркәсіп** басшылары және азаматтық қорғаныс шараларын өткізуге жауапты болып табылады.

1 наурыз күні әлемнің көптеген елдерінде Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымының ұйымдастыруымен «Дүниежүзілік Азаматтық Қорғаныс» күні атап өтіледі. Бұл мереке әлемдегі сан алуан елдердің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуға барлық күшті біріктіру, халықты, Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлар (АҚ пен ТЖ) қызметтерін болуы мүмкін тосын оқиғаларға дайындауға бағытталған халықаралық акция болып табылады.



Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымы (ХАҚҰ) 1931 жылы құрылған. Аталмыш ұйым көптеген жылдар бойы төтенше жағдай кезінде медициналық көмек көрсету жүйесін құру, білікті мамандар дайындау мен халықтың азаматтық қорғанысы саласында әлем-дік елдердің күшін біріктіру саясатын жүргізіп келеді. Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымы өз ресми атауын 1958 жылы алды. 1975 жылы осы ұйымның Жарғысы Біріккен Ұлттар ұйымының хатшылығында тіркелді. Қазіргі таңда ХАҚҰ Еуропа, Азия мен Африканың 70-ке жуық елін біріктіріп отыр. Төтенше жағдай саласында Қазақстан екі бірдей халықаралық ұйымның толыққанды мүшесі. Олар: Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымы мен Нәубеттердің алдын алу жөніндегі Азия орталығы.

# 1997 жылдың 31 қазанында

Қазақстан Республикасының «Қазақстан республикасының Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымының Жарғысына кіруі туралы» Заңы қабылданып, күшіне енді. Қазақстанның ХАҚҰ құрамына кіруі халықаралық төтенше жағдайлар құрылымдарында, сондай-ақ, Орталық – Азиялық аймақтағы елдердің қорғаныс жүйесінде өз орнын алуға мүмкіндік берді. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі қол қойылған төтенше жағдайлар саласындағы халықаралық келісім шарттардың негізінде әртүрлі елдермен халықаралық ынтымақтастыққа қол жеткізді. 1996 жылдан бастап ТЖ министрлігінің мамандары түрлі халықаралық конференция, семинарларға қатысып келеді. Қазақстанда жыл сайын «Тастақ қала» палигонында (Алматы близи) «КАЗСПАС» құтқарушы бөлімшелерінде Халықаралық оқу-жаттығу жиналыс-семинар өткізіледі. Оған шетелдердің командалары мен көрермендері де қатысып жүр.

Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күнінің 2010 жылғы көтеріп отырған мәселесі – «Апаттық медицина». Бұл туралы Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымының бас хатшысы Навара Аль-Слейби мәлімдеді. Ол өз жолдауында апаттық медицинаның қазіргі қоғамдағы орнын, оның халық үшін маңызды сала екенін атап көрсетті. Сондай-ақ, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен халыққа медициналық көмек көрсетіп, өмірлеріне араша түсіп келе жатқан апаттық медицина қызметкерлеріне алғысын білдірді. Апаттық медицина медицинаның маңызды саласы, яғни бұл шұғыл жағдай кезінде жедел ықпал ету медицинасы, оның уақыты минутпен есептеледі, сонысымен де ерекшеленеді. Апаттық медицина қайғылы оқиға орнындағы зардап шегушілерге медициналық көмек көрсетеді және олар қатерге толы жағдайда жұмыс жасайды. Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымы азаматтық қорғаныс саласына мамандарды дайындау барысында апаттық медицинаға баса назар аударып келеді.

